

2025 - 2026 оқу жылындағы Ақтөбе қаласы № 34 орта мектебі

шетел тілі әдістемелік пән бірлестігінің

«Hello English, hello AI!» атты апталығының ашылуы

Өтілу мерзімі: 10.11 – 14.11.2025 ж.

Мақсаты: Оқушылардың ағылшын тілін мемлекеттік білім беру стандарты бойынша меңгергендігін бақылау, пәнге деген қызығушылығын арттыру.



“Hello English,hello AI” апталығы аясында 11.11.25 күні “Present simple” тақырыбында 5 “А” сыныбында ағылшын тілі пәнінен ашық сабақ өткізілді.

Пән мұғалімі: Кулкатова М.Б. Мұғалім сабақты үй тапсырмасымен бастап жаңа тақырыпты да тиімді әдіспен аша білді,жасанды интеллект қолдану арқылы оқушылармен қызықты сабақ өте білді.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында 11.11.25 күні 7 «А» класында «Traveler's tales» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларды саяхат тақырыбындағы негізгі сөздерді (destination, landmarks, transport, tickets, accommodation т.б.) дұрыс қолдана алуға, “present simple / future plans” құрылымдарын пайдаланып саяхат жоспарын айта алуға үйрету. Үй тапсырмасы wordwall платформасында тексеріліп, «Puzzle» әдісі арқылы жаңа тақырып ашылды.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында 12.11.25 күні 9 «Б» класында «Reading:What a strange place to live?» атты ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: тақырыпқа қатысты сөздерді тиімді пайдаланып, өз таңдауы бойынша ерекше үй туралы пікірін дәлелдеп айта алуға үйрету. Пән мұғалімі: Әлібекова Г.Ә. Мұғалім жаңа технологияларды пайдалана отырып оқушыларды топқа бөліп өткізді. Жасанды интеллект пайдалана отырып, тапсырмаларды топтық, жұптық етіп , жеке тапсырмалар да орындатты.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында «Who knows English best?» сайысы өтті. Оқушылар әр кезең бойынша сұрақтарға жауап беріп, сайыс кезеңдерінен өтті.

Мақсаты: оқушылардың логикалық ойлауын, жылдам жауап беру қабілетін дамыту, көшбасшылық ойлауды нығайту, еркін сөйлеуін және ойын ағылшынша жеткізуін дамыту.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында «How technologies changes the way we learn?» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен пікірталас өтті.

Мақсаты: Оқушылардың сыни ойлауын, аргумент келтіру, қарсы пікірге жауап берудағыларын дамыту. Ағылшын тілінде еркін сөйлеп, нақты дәлелдермен пікір қорғау қабілетін жетілдіру. Топтық жұмыс, коммуникация және көшбасшылық дағдыларын дамыту.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында «Жасанды интеллект мүмкіндіктері білім беру жүйесінде» семинары өткізілді.

Мақсаты: Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру және AI құралдарын тиімді қолдану дағдыларын дамыту. Мұғалімдер арасында өзара тәжірибе алмасу, жауапты және қауіпсіз AI пайдаланудың маңызын түсіндіру.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында мектеп оқушыларымен көңілді қоңыраулар ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың қоңырау кезіндегі бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың белсенділігі мен көңіл-күйін көтеру арқылы мектептегі жағымды орта қалыптастыру.



«Hello English, hello AI!» атты апталығының аясында жасалған іс-шаралар қорытыланып, оқушылар апта бойы өтілген шараларға шолу жасап, белсенді оқушылар марапатталды.



